SARQAN

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады ● *www.sarkan-gazeta.kz* ● e-mail: *Igiman01@mail.ru* ● *№6 (9560) 9 ақпан 2024 ж.*

Қысқа – нұсқа

2024 жылға жоспарланған жобалар:

►Ауыл шаруашылығы

Алмалы ауылында сүт фермасының (МТФ) электр желілерін салуға 34,5 млн. теңге бөлінді.

Сарқан ауданындағы ветеринария мекемесіне БМК орнатуға 49,7 млн. теңге қарастырылды (Ветпункт).

►Туризм

Балқаш көлінің жағасындағы «Балқаш туристік-рекреациялық аймағының» инженерлік-коммуникациялық желісін салуға 2172,5 млн. теңге қарастырылды.

«Кардон Жалаңаш – Жасыл көл» тау туризм жолдарының жөндеу жұмыстары жүргізіледі (150,0 млн. тг).

►Білім

Көктерек ауылындағы Мәметов атындағы орта мектепке ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу (100,0 млн.тг) және акт залымен біріктірілген блок-модульдік спорт залы мен асханасы орнатылатын болады (150,0 млн.тг.).

Екіаша ауылындағы «Балдәурен» балабақшасына ағымдағы жөндеу жұмыстарына 48,6 млн. теңге қарастырылды.

►Денсаулық сақтау

Сарқан қалалық орталық ауруханасының жұқпалы аурулар бөліміне күрделі жөндеуіне 170,5 млн. теңге және патолого-анатомиялық бөліміне ағымдағы жөндеуіне 30,0 млн.теңге қарастырылды.

Абай (50,0 млн. тг) және Аманбөктер (50,0 млн. тг) ауылдарына блокты-модульдық медициналық пунктері орнатылатын болады.

►Спорт

Сарқан қаласында дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысына (1,0 млрд. тг.) және Алмалы (550,5 млн. тг.) ауылында дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысын аяқталатын болады.

Сарқан қаласында жабық стадионның (92,1 млн. тг.) және атлетикалық орталықтың (25,5 млн. тг) құрылысына қаражат бөлінді.

Бақалы ауылы (86,3 млн. тг) және Көктерек (28,3 млн. тг) ауылында футбол алаңдары салынады.

Сарқан ауданының ауыл шаруашылық саласын өркендетуге өзіндік үлестерін қосып жүрген шаруа қожалықтарының қатарында шаруасы ширақ, ісіне мығым, өнім көлемін жылдан-жылға арттырып, материалдық-техникалық жағынан нығая түскен «Арлан» шаруа қожалығын атауға толық негіз бар.

МАҢДАЙАЛДЫ ШАРУАШЫЛЫҚТЫҢ БҮГІНІ

1978 жылы Екіаша орта мектебін бітіріп, Талғардың ауыл шаруашылық техникумына түскен Қайрат Бершімбековтың көкейінде үлкен отбасына тірек болсам дегеннен басқа мақсат болмаған шығар. Оқуды бітіре салысымен Кавказда әскери борышын өтеп, азамат болып қалыптасты. Әскерден келісімен «Красный октябрь» колхозына агроном – гидротехник ретінде қабылданды. Еңбек жолын бастаған 1983 жылдың 10 – қыркүйегі күні бүгінге дейін есінде.

Мұқияттылық, жауапкершілік, ыждаһаттылық деген іскер адамға тән ілкімділік қасиеттері кейін тәуелсіздік алған елімізбен бірге нарық саласында бақ сынап көрмек болған Қайратбектің оң жамбасына келді. Қолға алған ісін аяқсыз қалдырмады, бастаған жұмысының бәрі баянды болды.

1999 жыл. Наурыздың 4-інші жұлдызы. Сағындырып келген көктемде Қайратбек Бершімбеков аудандық жер бөлімінен 700 гектар жерді заңдастырып алып, егін шаруашылығымен айналысуға бел шеше кірісті. Аталған аумақтың 116 гектары суармалы болса, 141 гектары тәлімі алқап, қалғаны жайылымдық. Күздік бидай септі. Жаздық дақылдарға көп орын берілді. Бидай - арпа көктеп өсіп, күзде дәні толықты. Жер – Анаға мейірім керектігін түсінді. Баптай білді, соның нәтижесінде бағы жанды.

Алғаш шаруа қожалығын қолға алғанда бір – бір данадан ғана трактор, тіркеме, сеялка, комбайны бар еді. Қазір, міне, бағзы кездегі бір колхоздың меншігіндегі техниканың бәрі бар. Бүгінгі таңда қожалық шаруаға қажетті техникамен толықтай қамтамасыз етілген. Атап айтқанда 5 трактор, тіркемесі бар 2 Камаз автокөлігі, немістің бидай, жүгері оратын орағы бар Class маркалы комбайны шаруашылықтың дамыл таппайтын тірлігіне дайын тұр. Науқан қарсаңында жөндеуден өткізіліп, сапқа қойылады. Слесарь, механик, тракторшы, комбайншы, жүргізушілердің бәрі де осы қожалықтан табылады.

2009 жылы Қайратбек Сембіұлы басқаратын «Арлан» шаруа қожалығы асыл тұқымды қазақтың ақбас сиырын өсіруге ден қойды. Сол жылы – ақ 70 бас сиыр мен 3 бұқа сатып алып, бүгінгі іргелі шаруашылықтың іргетасын қалады. «Инвест – жоба» бағдарламасы аясында жайылымдық жер алды. Бағзы бір қожалықтағыдай мұнда малшылардың тұрақсыздығы жоқ. Өйткені сегіз малшы отбасы жағдайлы үйде тұрады, қора – жайы жылы, қарауындағы мал басына қарай қомақты жалақы алады.

Қолдағы 250 бас қазақтың ақбас тұқымды сауын сиырының, бордақылау алаңында тұрған 110 бас ірі қара, 60 бас жылқының қыстан қысылмай шығуы үшін қожалық 2000 тоннадай пішен, 100 тонна арпа, 50 тонна бидай, 30 тонна жүгері дайындапты. Шаруашылық басшысы болашақта ірі қараны 1000 басқа, жылқыны 100-200 басқа дейін жеткізу жоспары барын бөлісті.

Бәрі де есінде. Осы шаруаны бар болғаны 5 адаммен қолға алған болатын. Бүгінгі таңда мұнда 28 адам тұрақты жұмыспен қамтылып, отбасыларын асырап бар. Барлығы өз жұмыстарын тиянақты атқарады. Қожалықтың тынымсыз тірлігінен қолы босамайтын қызметкерлер үшін ыстық тамақ ішетін асхана да қарастырылған. Биылғы жылы да қара жердің қайтарымын көруге мүдделі, мал шаруашылығын өрістету басты мақсаты.

- Жұмыссыздық белең алды дейміз. Шынтуайтына келсек жұмыс бар, жұмысшы жоқ. Аяғын аяғына асып қойып, шалқасынан түсіп жататындарға таңым бар. Өзіне жайлы, шаруаға жайсыз шалқасынан туған Ай сияқты жату өмірден үміті бар азаматқа жараспайды, - дейді Қайратбек аға бүгінгі күннің өзекті мәселесін қозғап. - Қазір жұмыс істеймін деген білікті мамандарға қай салада болсын сұраныс көп. Сондықтан жастардың ауыр жұмыстан қашпай, шаруашылықта атқарылатын жұмыстарды үйрене бергені абзал.

Еңбек адамды өмірге құлшындырады, еңсесін көтереді. Сол еңбектің көзін тауып, айналасына шуағын шашып, құрметке бөленуден артық не бар екен, шіркін... Осы асқақ сезім еңбекқор азаматты алға жетелеп келеді. Жол жалғаса бергей!

Жақсылық ЖОМАРТҰЛЫ,

Әскери қызметшілердің әлеуметтік пакеті

Әскери қызметшілердің еңбек ақылары келесі есептен төленеді:

лауазымдық жалақы;

әскери атағы үшін жалақы;

сауықтыру, қосымша, көтермелеу және өтемақы төлемдері.

Әскери лауазымы мен әскери атағы бойынша жалақы қосылып ақшалай еңбекақы жалақысын құрайды.

Лауазымдық жалақы – функционалдық міндеттерін орындағаны үшін біліктілігіне, атқарылатын жұмыстардың ауырлығы мен көлеміне байланысты төленеді.

Өтемақы төлемдері (қызметінің еркешеліктері үшін) әскери қызметтегі міндеттерін орындау кезіндегі «шығындарын» (денсаулығына зиян келтіру, экстремалды жағдайдағы қызмет және т.б.) өтеу рөлін атқарады.

Қазіргі уақытта келесі төлемдердің түрлері бар: 1. Сыныптық біліктілігі үшін төлемдер. 2. Құпия құжаттармен жұмысы үшін төлемдер. 3. Шифрлау жұмыстары үшін төлемдер. 4. Қызметінің ерекшеліктері үшін төлемдер (ұшқыштар мен теңізшілерге). 5.Парашютпен секіргені үшін төлемдер. 6. АЖЖ жұмысы үшін төлемдер. 7. Әскери полициядағы ерекше жағдайларда қызмет өткергені үшін төлемдер. 8. Шетел тілдерінде жедел жұмысы үшін төлемдер. 9.Экологиялық зардап шеккен аймақтарда тұрғаны үшін қосымша төлемдер (бөлімнің тізіміне есепке алынған уақыттан бастап төленеді). 10. Қаражаттың үнемделуінің есебінен төлемдер (гарнизондық, арнайы бөлімшелерге және т.б.).

Әлеуметтік пакеттің ішіне келесі құрама бөліктер кіреді:

•табыстарға салық салынбайды («Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» ҚР Кодексі);

•тамақтандыру (жауынгерлік кезекшілік, қарауыл, тәуліктік наряд, маяктағы вахта, далалық шығуларға қатысу (теңізге шығу), әскери-медициналық мекемелерде (ұйымдарда) стационарлық емделуде болу);

•мемлекеттің есебінен әскери-медициналық мекемелердегі медициналық қамтамасыз ету, кепілді түрде төленетін медициналық жәрдем есебіне кіретін әскери-медициналық мекемелерден тыс емделуге төленген шығыстар мемлекетпен қайтарылады;

•киім-кешекпен қамтамасыз ету;

•қызмет бойынша жол жүру, қызметтен шығу, стационарлық емделуге жол жүру, сондай-ақ 10 тоннаға дейін өз мүлкін тасымалдау мемлекеттің есебінен төленеді;

•әскери қызмет өткеру кезінде қызметтік тұрғын үймен қамтамасыз ету;

•тұрғын үйді жалға алу үшін әскери қызметшілерге ағымдағы тұрғын үй төлемдерін төлеу;

•біржолғы тұрғын үй төлемдері (бұрын жүзеге асырылған тұрғын үй төлемдерінің сомасы шегеріле отырып, ағымдағы жылғы қаңтардағы жағдай бойынша әскери қызметші қызмет өткеріп жатқан ҚР тиісті өңіріндегі жайлы тұрғынжайдың бір шаршы метрін жалға алу құнының мөлшерін әскери қызметшінің өзін қоса алғанда, оның өзгеруін ескере отырып, отбасының әрбір мүшесіне он сегіз шаршы метр пайдалы алаң есебінен тұрғынжай алаңына және мұқтаждың мәртебесінде болған айлардың санына көбейту арқылы есептеледі);

• құқығының орнына өтемеақы;

• коммуналдық қызметтердің бір бөлігі үшін шыққан шығындарына өтемеақы (айына 3 739 теңге).

• оқ-дәрілерді залалсыздандырғаны және оларды жойғаны үшін өтемеақы (күніне 1 АЕК);

• кемінде еңбек өтілі 25 жылды құраған болса ақшалай жалақысының 50%-дан 65%-ға дейінгі мөлшерде қызметтен шыққаннан кейін қызмет өткерген жылдары үшін мемлекеттік бюджеттің есебінен зейнетақы төлемдері;

• қызметтік ауысулар кезінде көтермелеу төлемдері (әскери қызметшінің өзіне – 1 ақшалай жалақы (лауазымдық жалақысы + әскери атағы үшін жалақы), барлық отбасы мүшелерінің әр қайсысына – ақшалай жалақысының 0,5 мөлшері);

• қызметтен шығу кезіндегі төлемдері (әскери қызметте кемінде 10 жыл еңбек өтілі үшін – үш айлық ақшалай жалақысы; 10 жылдан 15 жылға дейін – төрт айлық ақшалай жалақысы; 15 жылдан 20 жылға дейін – бес айлық ақшалай жалақысы; 20 жылдан 25 жылға дейін – алты айлық ақшалай жалақысы; 25 жылдан 30 жылға дейін – жеті айлық ақшалай жалақысы; 30 жылдан астам – сегіз айлық ақшалай жалақысы);

• әскери қызметтегі міндеттерін атқару кезінде алынғандығы анықталған болса мүгедектігі үшін біржолғы өтемеақы (I топтағы мүгедекке – отыз айлық ақшалай жалақысы; II топтағы мүгедекке – онсегіз айлық ақшалай жалақысы; III топтағы мүгедекке – алты айлық ақшалай жалақысы);

• мүгедектікке әкелмеген ауыр жарақат алған жағдайдағы бір жолғы өтемеақы (жара, жарақат, контузия) (біржарым айлық жалақысының мөлшерінде төленеді, жеңіл жарақат – жарты айлық жалақысының мөлшерінде);

• келісімшарт бойынша әскери қызметші қаза болған жағдайда (өлім) 5 жылдық ақшалай жалақысының мөлшеріндегі (лауазымдық жалақысы + әскери атағы үшін жалақысы) бір жолғы өтемеақы;

• денесін тасымалдауға дайындықпен байланысты, денесін тасымалдау, жерлеу, қабір үстіне қойылатын ескерткішті әзірлеу және оны орнату шығындарын өтеу (80 АЕК).

Күнтізбелік есепте кем дегенде сегіз жыл еңбек өтілі бар сержанттар (старшиналар), сарбаз (матрос) құрамындағы келісімшарт бойынша әскери қызметшілерге мемлекетпен жоғары білім алу үшін оқудың 50% шығындарын өтеу қарастырылған.

Т.АЛЬСЕИТОВ,
Сарқан ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы, подполковник.

Конкурс

«АруАна» республикалық үздік әйелдер жобаларының конкурсы

«АруАна» республикалық үздік әйелдер жобалары конкурсы әлеуметтік бағыттағы үздік идеялар мен жобаларды іске асыратын әйел көшбасшыларды қолдауға, біріктіруге және ілгерілетуге бағытталған.

Әлеуметтік бағыты бар үздік әйелдер жобаларын іріктеу Қазақстанның барлық өңірлерінен жүзеге асырылады.

Конкурс Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның қолдауымен өткізіледі және 8 наурыз Халықаралық әйелдер күніне орайластырылған.

Конкурс жеңімпаздарын марапаттау рәсімі 8 наурыз Халықаралық әйелдер күні қарсаңында салтанатты түрде диплом және ерекшелік белгісін (мүсінше) тапсыра отырып өткізіледі.

Кім қатыса алады?

Конкурсқа қатысушылар Қазақстан аумағында әлеуметтік маңызы бар жобаларды іске асыратын әйелдер мен әйелдердің қоғамдық бірлестіктері болып табылады.

Іріктеуді кім жүзеге асырады?

Өтінімдерді іріктеу конкурстық комиссия жүзеге асырады.

Конкурс жеңімпаздарын айқындау жөніндегі Комиссия тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік әкімінің өкімімен мүдделі мемлекеттік органдардың, азаматтық сектордың өкілдері, Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі өңірлік комиссиялардың мүшелері қатарынан кемінде 5 (бес) адам көлемінде тиісті өңір әкімінің жетекшілік ететін орынбасарының/әкім аппараты басшысының төрағалығымен құрылады.

Конкурстық комиссия мынадай өлшемшарттарды ескере отырып, ашық дауыс беру арқылы, отырысқа қатысатын оның мүшелерінің көпшілік дауысымен шешім қабылдайды:

жобаның өзектілігі (1-ден 5 баллға дейін);

жобаның әлеуметтік маңыздылығы (1-ден 5 баллға дейін);

жобаның қол жеткізілген нәтижелері (1-ден 5 баллға дейін);

жобаны қамту (1-ден 5 баллға дейін).

Нақты жоба бойынша мүдделер қақтығысы болған жағдайда комиссия мүшесі бұл туралы Комиссияны хабардар етеді және нақты жоба бойынша дауыс беруге жіберілмейді.

Іріктеу қорытындысы бойынша 1 (бір) жеңімпаз жоба Ұлттық комиссияға жіберіледі.

Өтінімдерді қабылдау мерзімі:

Өтінімдерді қабылдау – 2024 жылғы 5-20 ақпан аралығында өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін тиісті өтінімді толтырып jastar_otdel@mail.ru электрондық мекенжайына немесе қағаз түрінде Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Қонаев көшесі, 47 Жастарға қызмет көрсету орталығы ғимараты, 2 қабат, 203 кабинет мекенжайына жолдау қажет.

Өтінім формасын және «АруАна» республикалық үздік әйелдер жобаларының конкурсы туралы ережені https://cloud.mail.ru/public/ZsyW/7vTsNsB6y сілтемесінен жүктеп алу қажет.

Барлық сұрақтар бойынша +7 708 678 84 34 телефоны бойынша хабарласу қажет.

Жүргізушілер назарына

Жол-көлік оқиғаларын ресімдеу жеңілдеді

2024 жылғы 1 қаңтардан бастап шағын жол-көлік оқиғаларын «оңайлатылған ресімдеуді» енгізу аясында жүргізушілерге ыңғайлы болу үшін «Еврохаттама» мобильдік қосымшасы енгізілді.

Енді, егер ЖКО-на тек екі автокөлік қатысса және оларға 369 мың теңгеден аспайтын материалдық залал келтірілсе, ресімдеу үшін полиция шақырудың қажеті жоқ. Мобильді қосымшаның көмегімен жүргізушілер зақымдалған бөлшектерді суретке түсіріп, актіні толтыру арқылы зиянды өтеу туралы өтінішті дереу сақтандыру компанияларына жібере алады.

Артықшылықтары: Біріншіден, азаматтарға ұсақ ЖКО ресімдеу үшін кептелісте полицияны күтудің қажеті жоқ, тиісінше жолдардағы кептеліс жағдайлары азаяды. Екіншіден, мұндай бұзушылықтар үшін жүргізушілер енді әкімшілік жауапкершілікке тартылмайды. Бұған дейін жыл сайын материалдық шығынға ұшыраған ЖКО бойынша 120 мыңға жуық жүргізушіге айыппұл салынған немесе сот арқылы жүргізу құқықтарынан айырылған. Үшіншіден, сот рәсімдерін болдырмау есебінен, хаттама жасаудан бастап сот қаулысы күшіне енгенге дейін сақтандыру төлемдерінің мерзімдері қысқартылады. Егер бұрын мұның бәрі 60 күнге дейін созылуы мүмкін болса, қазір тіркелген сәттен бастап төлемдерді алғанға дейін шамамен 5 күн өтеді. Төртіншіден, ЖКО-на қызмет көрсету бойынша полиция нарядтарының саны қысқарады. Сәйкесінше барлық күш-құралдар құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталатын болады.

«Еуропалық хаттаманы» енгізу-бұл полиция мен халықтың өзара іс-қимылын бюрократизациялаудың тағы бір қадамы екендігін назарларыңызға жеткіземіз.

А.АМАНГЕЛЬДИНОВ,
Сарқан АПБ бастығы, полиция подполковнигі.

Учет животных: полезное мобильное приложение для владельцев скота разработали в МСХ

В Казахстане с 18 июля прошлого года запущено мобильное приложение для владельцев сельхозживотных «TortTulik». Проект разработан министерством сельского хозяйства совместно с Аналитическим центром экономической политики в АПК.Приложение поможет расширить базу сельхозживотных, каждый владелец животного (КХ, ТОО, ЛПХ и др.) может провести инвентаризацию своего поголовья. Благодаря этому у ветврачей будет возможность своевременно и в полном объеме проводить ветеринарно-профилактические мероприятия.

Приложение работает через смартфоне. Через программу также можно будет получить ветеринарный паспорт, и в будущем совершить процедуры купли-продажи скота, замены бирки при утере, а также снять животное с учета после убоя.

«TortTulik» станет для сельчан своего рода информационным хабом. Приложение содержит функции рассылки последних новостей отрасли, уведомления о предстоящей вакцинации и многое другое. По мере обновления приложения будет внедряться раздел для покупателей мяса. Во вкладке «sogym.kz» казахстанцы смогут заказать тушу прошедшую ветеринарный контроль животного напрямую у сельхозтоваропроизводителя.

Пока «TortTulik» будет доступен для скачивания в Android Playmarket, позже разработчики адаптируют приложение и для смартфонов на iOS. Отметим, потенциальными пользователями мобильной программы станут 1,5 млн владельцев скота по всей стране.

Мемлекеттік қызмет

ӨҢІРЛІК КАДР РЕЗЕРВІНЕ ІРІКТЕУ БАСТАЛАДЫ

2024 жылдың 1 наурызынан бастап облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың өңірлік кадр резервтеріне іріктеу басталады. Іріктеу жұмыстарын облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың кадр комиссиясы жүзеге асырады.

Өңірлік кадр резервінің басты мақсаты – әр өңірде талантты жастар арасынан жаңашыл ойлайтын көшбасшылар, жас басқарушылардың тобын қалыптастыру.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев атап өткендей, «Бізге түрлі салаларда, жауапкершіліктен қорықпайтын, ерекше әрі тиімді шешімдер қабылдай алатын жаңа формациядағы басқару тобы қажет. Дәл осындай адамдар ел қалауындағы нәтижеге қол жеткізуге қабілетті».

Іріктеуге құжаттарды тапсыру сәтінде 35 жастан аспаған, жоғары білімді және 3 жылдан кем емес еңбек өтілі бар Қазақстан Республикасының азаматы қатыса алады.

Жетісу облысында іріктеу келесі салалық бағыттар аясында жүзеге асырылатын болады:

1) индустрия және өнеркәсіп;

2) экономика және қаржы;

3) әлеуметтік сала;

4) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және инфрақұрылым;

5) агроөнеркәсіптік кешен және жер қатынастары;

6) цифрландыру;

7) экология.

Ағымдағы жылдың 1-31 наурызы аралығында өтетін іріктеудің алғашқы кезеңі - құжаттарды қабылдау кезеңінде азаматтар жоғарыда аталған салалық бағыттардың бірін таңдай отырып, onir.pkrezerv.gov.kz платформасында келесі құжаттарын жүктейді:

●Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің немесе паспортының көшірмесін;

●білім туралы құжаттардың және оларға қосымшалардың көшірмесін;

●еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесін;

●түрлі түсті фотосуретін.

Сонымен бірге, кандидаттар өз құжаттарын Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істер агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің dgs-jetysu@mail.ru электронды поштасына да жіберудің мүмкіндігі қарастырылған.

Кандидаттарға бір ғана өңірді және бір салалық бағытты таңдауға рұқсат етіледі. Одан кейін салалық бағыт пен өңірді өзгертуге жол берілмейді.

Іріктеудің екінші кезеңі - заңнаманы білуге және жеке қасиеттерін бағалауға тестілеу.

Тестілеу Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Жетісу облысы бойынша филиалының тестілеу залында офлайн форматта өтетін болады.

Бірінші блок. «Заңнаманы білуге арналған тестілеу»:

●Қазақстан Республикасының Конституциясын (15 сұрақ);

●Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» (15 сұрақ);

●«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» (15 сұрақ) Қазақстан Республикасының заңдарын;

●Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексін (10 сұрақ) білуге арналған тестілерді қамтиды.

Тест тапсыруға кандидаттарға - 55 минут беріледі және ағымдағы жылдың 5 - 9 сәуір аралығында өтеді.

Екінші блогы «Жеке қасиеттерді бағалауға арналған тестілеуге» заңнаманы білуге арналған тестілеуді ең жоғары баллмен тапсырған кандидаттардың 50%-ы, бірақ 120-дан көп емес кандидаттар жіберіледі. Бұл тестілеуге жалпы 90 минут уақыт беріледі және 13 және 14 сәуір күндері өтеді.

Тестілеуді сәтті тапсырған кандидаттардың тізімі интернет-ресурстарда, сондай-ақ онлайн-платформада кандидаттарды келесі кезеңге жіберу туралы шешім қабылданған кезден бастап орналастырылады.

Іріктеудің «Құзыреттерді бағалау» деп аталатын үшінші кезеңі Астана қаласында Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының базасында офлайн форматта 2024 жылдың 22 сәуірі мен 7 маусымы аралығында өтеді. Конкурсқа қатысу бойынша шығыстарды қатысушылар өз қаражаты есебінен төлейді. Үшінші кезеңде кандидаттардың мінез-құлық индикаторларының жиынтығы арқылы белгілі бір құзыреттерді анықтауға әрі бағалауға бағытталған топтық және жеке жаттығуларды қамтиды. Кандидаттардың мінез-құлқын сертификатталған сарапшы-бағалаушылар бақылайды. Бұл кезеңге алдыңғы кезеңнен жоғары нәтиже көрсеткен 30 кандидат жіберіледі.

Төртінші кезең – «Комиссиядағы құрылымдық сұхбат» кандидат таңдаған салалық бағытқа сәйкес жобаны презентациялау форматында өткізіледі.

Сұхбатқа 23-тен артық емес кандидат жіберіледі. Қатысушының презентациясы 5 слайдтан тұруы керек. Презентация барысында кандидат өзі ұсынған идеяның мәні мен мақсаттарын, оны іске асыру кезеңдерін, ықтимал проблемаларды, күтілетін нәтижелерді ашуы қажет. Презентацияны қорғауға 5 минут уақыт беріледі.

Бұл ретте, комиссия кандидаттарды келесі критерийлерге сәйкес бағалайды:

●аналитика;

●білімнің тереңдігі;

●қарым-қатынас дағдылары.

Іріктеудің ашықтығын қамтамасыз ету үшін құрылымдық сұхбат жүргізу кезеңінде өңірлік резервке қоғамдық бірлестіктер, ҮЕҰ, БАҚ, бизнес-қоғамдастықтардың өкілдері және салалық сарапшылар тартылуы мүмкін.

Үміткерлер үшін ең соңғы «Комиссияның отырысында» резервке кандидаттарды қабылдау туралы ұсыныс шығарылады. Өңірлік резервтерге алынған үміткерлердің тізімі комиссия шешім қабылдағаннан кейін бір жұмыс күні ішінде белгілі болады. Конкурсқа қатысушылардың әр кезеңдегі нәтижелері комиссия шешім қабылдағаннан кейін бір жұмыс күні ішінде интернет-ресурстарда, кандидаттардың жеке кабинеттерінде, жобаның сайтында жарық көреді.

Іріктеу қорытындысы бойынша Жетісу облысының өңірлік кадр резервіне 15 азамат алынады. Өңірлік резервте болу мерзімі - 2 жылды құрайды және жергілікті атқарушы органдарда «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымдарына конкурстық іріктеусіз орналаса алады.

Қобылан МАНАП,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің басшысы.

Денсаулық

Көкжөтел

Бұл Bordatella pertussis бактериялары тудыратын тыныс алу жолдарының қауіпті жұқпалы ауруы.

Инфекция көзі – тек адам (көкжөтелдің типті немесе атипті түрлерімен ауыратын немесе сау бактерия тасымалдаушылар).

Инфекцияның берілу жолы – ауа тамшы арқылы. Қоздырғыш түшкіру және жөтел кезінде қарқынды бөлінеді.

Көкжөтелдің инкубациялық кезеңі екі күннен екі аптаға дейін, ең көбі үш аптаға созылады. Науқастар 1 ден 25-ші күнге дейін ерекше қауіпті. Көкжөтел ең жұқпалы аурулардың бірі. Науқаспен байланыста болған кезде сезімтал адамдарда ауру 90-100% жағдайда дамиды. Мектеп жасына дейінгі балалар жиі ауырады. Аурудың шамамен 5% ересектерге келеді.

Көкжөтел қалай пайда болады. Инкубациялық кезең өткеннен кейін науқаста мұрынның ағуы, түшкіру, жалпы әлсіздік, төбеттің болмауы және жөтелге қарсы заттарды қолданғаннан азаймайтын жеңіл жөтел пайда болады. Бұл кезең катаральды деп аталады және ол әдеттегі суық тию сияқты 1-2 аптаға созылады. Біртіндеп, 3-ші аптада жөтел күшейеді, әсіресе түнгі уақытта. Осылайша үрген жөтелдің (лающего кашля) жаңа кезеңі басталады. Ысқыратын демді ішке тарту (свистящего вдоха) белгісінен кейінірек иттің үру белгісіне ұқсас (напоминающих лай собаки) жөтел пайда болады.

Жөтел ұстамасы кезінде науқастың беті қызыл немесе көк түске айналады, мұрыннан немесе көзден қан кетуі мүмкін. Жөтел қақырықты шығарумен, кейде құсумен аяқталады. Жөтел ұстамасы тәулігіне 10-15 рет болуы мүмкін. Бұл кезең бір аптадан бір айға дейін созылады, кейде ұзағырақ. Қалыпқа келу немесе сауығу процесі бірнеше айға созылады.

Көкжөтелдің асқынулары: ең жиі 1 жасқа дейінгі балаларда байқалады, шала туған нәрестелерде аурудық ауыр ағым өту қаупі жоғары. Көп жағдайда балаларға ауруханада жатып ем алу қажет етіледі. Көбінесе көкжөтел қайталама бактериялық инфекцияның дамуымен байланысты асқынуларды тудырады.

-Бактериялық пневмония-көкжөтелдің жиі кездесетін асқынуы (көкжөтелден болатын өлімнің ең көп таралған себебі);

-Бронхит, плеврит, эмфизема, өкпе коллапсы;

-Гипоксия;

-Кішкентай балаларда көкжөтел бронхоэктатикалық аурудың дамуына ықпал етуі мүмкін;

-Синусит, отит, мембраналардың жарылуы;

-Сусыздану;

-Мұрыннан қан кету;

-Құрысулар, бас миының аурулары, дамудың тежелуі.

Ересектердегі көкжөтел өте ауыр өтеді және құрысулар мен энцефалопатия сияқты ауыр асқынуларға әкелуі мүмкін. 30 жастан асқан науқастарда 5-9% жағдайда пневмония пайда болады. 50 жастан асқан әйелдерде 34% жағдайда көкжөтелмен байланысты зәр ұстамау анықталады. Сонымен қатар, қабырғалардың сынуы, ішек грыжасы, тұншығу, бел дискісінің грыжасы, естен тану сияқты асқынулар тіркеледі.

Ересектердегі көкжөтел белгілері: Жалпы әлсіздік және тәбеттің төмендеуі. Мұрынның ағуы және аздап жөтелмен бірге жүретін дене қызуының жоғарылауы, бұл белгілер біртіндеп күшейе бастайды. Ересектердегі белгілер бронхит белгілеріне ұқсайды, сондықтан ауруды дереу анықтау оңай емес. Кейбіреулерде ауру байқалмайды, бұл байланыста болған адамдардың жаппай сырқаттануына алып келеді.

Көкжөтел және жүктілік: Жүктілік кезіндегі кез-келген жұқпалы ауру ұрықтың дамуына теріс әсер етуі және әртүрлі туа біткен ақауларға әкелуі мүмкін, мысалы, кереңдік, катаракта, жүректің зақымдануы. Сондай-ақ, көкжөтел түсік тастауға және өлі баланың туылуына әкелуі мүмкін.

Емі: Кіші жастағы балалар көкжөтел асқынуларының дамуына өте сезімтал, сондықтан олар жиі ауруханаға жатқызылады. Көкжөтелді емдеу кезінде антибиотиктер, сондай-ақ антигистаминдер тағайындалады. Сусыздануды алдын алу үшін көп мөлшерде су ішкен жөн. Құсу кезінде сұйықтықтың жоғалуын азайту үшін кішкене бөліктерде жиі тамақтану қажет. Науқастың бөлмесінде қоңыр салқын ауа болуы керек. Жөтел ұстамасын тудыруы мүмкін ауада тітіркендіргіштердің болуына жол бермеңіз (шаң, түтін, өткір иісі бар заттар). Бөлмені жиі желдету қажет. Науқасты аурудың басталуынан 25 күн оқшаулау. Байланыста болған балаларды шектеу (7 жасқа дейін) 14 күнге дейін.

Көкжөтелдің алдын алу. Бүгінгі таңда көкжөтелмен алдын алудың жалғыз және тиімді шарасы-міндетті вакцинация күнтізбесіне енгізілген иммундау болып табылады. Ол бала өмірінің бірінші жылында жасалады. Сондықтан ата-аналар үшін балаларын иммундау орынды шешім болып қала береді. Вакцинация аурудың белгілері жоқ (суық тию, дене қызуының көтерілуі), дені сау балаларға ғана жасалады. Вакцинация жоспарлы түрде Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес, 2 айда→ 3 ай → 4 ай→ 18 айда жүргізіледі. АбКДС (күл, сіреспе, көкжөтел (жасушасыз), В гепатиті, полиомиелит (белсенділігі жойылған) және b типті гемофильді инфекцияларға қарсы конъюгацияланған) вакцинасы қолданылады.

А. ЖАРТЫБАЕВА,
Сарқан аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.

Өксікпен өткен ғұмыр

Сәуле Базарбайқызы Майшинованың естелігінен

Менің әкем Базарбай Мәметов 1888 жылы 20 мамырда Жетісу облысы, Лепсі уезі, Балқаш-Лепсі болысына қарасты Тастұма ауылында Аспиев Мақеттің отбасында дүниеге келді.

Жасы онға толғанда 1898 жылы Верный ерлер гимназиясының пансионына қазына есебінен оқуға жіберіледі. Бастапқыда дайындық сыныбында оқып, 1911 жылы гимназияны тәмамдап шығады. Ары қарай білімін жалғастырмақ ниетпен Семиреченск әскери губернаторына стипендия тағайындату үшін өтінішпен кіреді. Нәтиже болмаған соң Ташкенге жол тартады. Осындай өтінішпен Түркістан генерал-губернаторына да барады. Өкінішке орай одан да қайыр болмайды. Сонымен ел-жұртынан жырақта, күнкөрістің өзі мұңға айналып, оқуға іліне алмағаны да жанына батады. Өстіп салы суға кетіп жүргенде кездейсоқ жағдайда өзінің жерлесі Тынышбаев Мұхаметжанға жолығады. Өз кезегінде ол әкемді князьдің канцелярия меңгерушісі, жер аударылып Ташкенде жүрген полковник Беловпен таныстырады. Белов Базарбайға ұлы князьдің атына білім алуға қол ұшын беру туралы өтініш жаз деп кеңес береді. Осы өтініш қабылданып, Базарбай Мәметовке бір жыл бойы оқуына айына 20 сом стипендия тағайындалады. 1911 жылы ол Қазан университетінің заң факультетіне оқуға түседі. Ары қарай өзінің еті тірлігін танытып, сол жерде бір ауқатты татар байының шаруашылығын жүргізіп, сонымен қатар заңгерлік тұрғысында сабақ бере бастайды. Оқу мен жұмысты қатар алып жүріп, 1917 жылы аталмыш университетті бітіріп шығады.

Студент кезінің өзінде 1916 жылы Алаш қозғалысына белсенді араласады. Өзге де студенттермен қатар ер азаматтары тыл жұмысына алынған отбасыларға материалдық көмек ұйымдастыру шараларына қатысады. Осы туралы мақала «Қазақ» газетінде жарияланады. 1917 жылы 2-8 сәуірде Орынбор қаласында Торғай облысының Қырғыз съезі өтеді. Осы жолы Мәметов Базарбай Алаш партиясына мүшелікке өтіп, Алашорда өкіметінің мүшесі болып қабылданады. Сол жылы Орынборда өткен жалпықазақ съезіне Семиреченск қазақтарының құрылтайшылар жиналысы атынан депутат, сонымен қатар бүкілресейлік мұсылмандар кеңесіне уәкіл болып сайланады. 1917 жылдың қазаны мен 1918 жылдың сәуір айлары аралығында Лепсинск уезінің төрағасы, 1918 жылдың қарашасы және 1919 жылдың желтоқсаны аралығында Көктеректегі ашыққандарға көмек комитетінің төрағасы қызметін атқарады. 1920 жылы мамыр-қараша айларында әкем Көктерек болысының халық соты болады.

1921 жылы Лепсі уезінің аға тергеушісі, сол жылдың тамызынан 1922 жылдың шілдесі аралығында Алматы облыстық халық сотының төраға орынбасары, 1922 жылдың қыркүйегінен 1925 жылдың ақпаны аралығында Лепсинск губерниялық прокурорының көмекшісі қызметтерін атқарған әкем Базарбай Мәметов 1928 жылы «Халық жауы» деп айыпталады да 1929 жылы 58 бап бойынша Саратов қаласына жер аударылады.

Әкемді тұтқынға алған кезде оның ағасы Мұхаметжанды да қамауға алып, итжекке айдады. Сол жақтан ол оралмады. Екінші бауыры Тілеуліні 7 жылға соттады. Ал үшінші туысы Құлахмет жан сақтау үшін қашып, Қытай асты.

Әкемді Алматы қаласындағы түрмеге қамағанда анам кездесуге мені алып барып еді. Сол кезде екі жарым жаста болуым керек. Осы кездесуде әкем маған кішкентай бал қасық сыйлаған еді. Бұл 1928 жылы болатын. Әкемнің сотталып, Саратовқа жер аударылатынын білген анам сот шешімін қолына алды. Мені Сарқан ауданындағы үйімізге апарып, Серікбай деген бауырының қолына табыстады.

Анам Мәскеуге сапар шегер кезінде мен үшке таяп, Әзия бір жаста болатын. Сонымен анам Мәскеуге жол тартты. Партияның Орталық комитетіне барып, Калининнің қабылдауында болады. Анамның апарған арызын қарап шыққан соң «разобраться» деп бұрыштама қойып, қазақ консулдығына жібереді. Сөйтіп Түркістан АССР-нің ЦИК төрағасы Тұрар Рысқұловтың алдынан бірақ шығады. Рысқұлов арызды оқып шығып, кейбір жәйттердің мәнжайын сұрап білген соң, елге қайта бер, жауабы соңынан барады деп қайтарады.

Әкемді айдап әкеткен соң анам өзінің және біздің киім-кешектерімізді жинап, керек-жарақтарымызды арқалап Алматыға аттандық. Одан ары қарай әке соңынан Саратовқа жол тарттық.

Жоғары білімі болса да әкемді цемент зауытына қара жұмысшы етіп қабылдады. Анам мамандығы медициналық қызметкер бола тұра фабрикада ағаш бөшкелерге құрсау қақты. Өзіміз Саратовтың шетіндегі бір орыстың үйін паналадық.

Ай сайын Саратов комендатурасы тексеру жүргізіп отыратын-ды. Біздің қарыс басқан қадамымыз аңдулы еді. Анамның ең кіші сіңлісі Тойжікен осындағы Саратов медициналық институтында білім алушы еді. Оның жатақханасына барып, хал-жағдайын біліп тұратынбыз.

1930 жылы Русия дүниеге келді. Оны соншалықты керемет жақсы көрдік. 1932 жылы біздің Саратовтағы сергелдеңіміз аяқталды. Поезға отырып Аралға жеттік. Ары қарай Төрткүлге Әмудария арқылы қайықпен баруға тура келді. Ми қайнаған ыстық. Маса, шыбын жан-жақтан ызылдап, үсті-басымызға жабысып мазаны алды. Әкем бізді кезек-кезек суға малып, шомылдырып қоятын-ды. Сондай бір сәтте Русияның көйлегі суға түсіп кетті. Көйлегі қызыл түсті матадан тігілген еді, көлкілдеп су бетінде ағып бара жатқаны әлі күнге дейін көз алдымнан кетпейді.

Біз жағалауға келіп тоқтадық. Сол жерден анамның бауырлары Серікбай аға мен Есімбек аға қарсы алды. Серікбай аға Қарақалпақ су шаруашылығы министрлігінде істейтін. Көп ұзамай біздің соңымыздан Саратов медициналық институтын тәмамдап, анамның сіңлісі Тойжікен де жетті. Сонымен қатар Берсүгіровтердің келіні, анамның сіңлісі Дәмеш тәте де Төрткүлге келіп қайтты.

Төрткүлге орналасқан соң ата-анам қаланың шет аймағынан пәтер жалдады. Төбесі аласа, едені жер, кіп-кішкентай, сығырайған терезелері бар баспана екен. Әкем ГПУ-ға аударма машы заңгер болып жұмысқа тұрды, анам паспорт столына орналасты. 1932 жыл аштықтың өзеуреп тұрған кезі еді. Тіскебасар қылтанақ табу мұңға айналған шақ. Біз тұздалған балыққа быламық қосып жүрек жалғадық. Оны әке-шешем жұмыстан әкелетін. Сол әкелген нандарынан өздері бір тістемеген де шығар деп ойлаймын.

Бұл жерде неше түрлі дерт қаулап тұр екен. Трахома, сүзек, сары ауру сияқты небір пәлекеттер. Бір күндері өзім де жалпамнан түстім. Қандай дертке шалдыққанымды ешкім білмейді. Саудыраған қу сүйегім ғана қалды. Сол кезде 7-8 жасар болуым керек. Бірінші классты да бітірмеген кезім. Бір күні әкем мені киіндіріп, жастыққа жатқызып көтеріп алды. Екі аяғым қамшының өріміндей салбырап, бәтеңкелерім салақтап қалды.

Анамның айтуына қарағанда сол кезде Мәскеуден бір топ дәрігерлер келген көрінеді. Себебі науқастар тым көбейіп кеткен болатын. Әйел дәрігер мені қарап болған соң әбден азып кеткенімнің емін дәрумендер мен құнарлы тамақ ішіп реттеуге болады деді. Тұзды нан жемеу керектігін ескертті. Дәрумен атаулының қолда бары жоңышқа ғана. Соны борщ секілді қайнатып ішуге тура келді.

Қалада «Торгсинг» (торговый синдикат) деген ашылған-ды. Ол жерде алтын, күміс қабылдап, орнына ұн және тағы басқа түрлі тамақ беретін. Анамның кәмпескеден қалған 12 алтын қасық пен білезік және алтын сырғалары бар еді. Біразын Саратовта жүргенде ұрлатып алды. Енді біразын күнкөріске жұмсады. Сонан қалғаны маған арнап сақтап жүретін жалғыз алтын қасық екен. Мен төсек тартып жатып қалғанда сол қасықты Торгсингке апарып өткізді. Оған бір пұт (16 кг) ақ ұн алып келді. Дәруменіміз сол жоңышқа.

Бізбен көршілес бір ауқатты өзбек тұрды. Оның диірмені бар еді. Жоңышқа қанша керек болса, сонша ал деп рұқсатын берді. Аракідік ет, балық та болып жатады. Ажалымның жоқтығы болар, сол қасықтың арқасында тірі қалдым. Сол жеркепеде Русия аурудан көз жұмды. Русиядан айырылып қалған соң милиция барағынан бір бөлме берген еді. Балабақша қасымызда, Әзияны сонда бердік. Мен бірінші класстың табалдырығын аттадым.



Тұрмысымыз түзелейін деген секілді. Үйдің қасында үлкен бақ бар еді. Отбасымызбен кейде сонда барып серуендейтінбіз. Анам кітап оқығанды қатты ұнататын. Біздің үйде Пушкин, Лермонтовтың кітаптары болды. Бір жолы анамның бізге Отелло мен Дездемоно туралы айтқаны есімде қалыпты.

Екінші класста оқып жүрген кезімде дүниеге Роза келді. 4 жасқа дейін оны емшектен шығармады. Әлжуаздау болып аяғы кейін шықты. Ол Әзия екеуімізге жанды қуыршақ секілді еді. Онымен ойнағанға мүлдем жалықпайтынбыз. Маңдайына жазылғаны сол болар, бар болғаны 31 жасында ауыр науқастан дүние салды. Тұрмысқа шығып, үш бала сүйді. Үлкендері Гаухар және егіз туған Ермек пен Меруерттің көретін жарығы болып тұр ғой. Кейін тектінің тұяғы Гаухар Мырзабековаңың әлемге танымал музыкант болғаны аян.

1934 жылы әкем кезекті еңбек демалысын алып, Қазақстанға жол тарттық. Ата-анамыз Шарджоу арқылы ұшақпен жетуге ұйғарды. "Кукурузник" ұшағына міндік. Қорқыныш бір жағынан, қызықтау екінші жағынан кеулеп барады. Ұшқышы жалғыз екен. Ұшақтың құйрық жағындағы тақтай орындыққа біз жайғастық. Сол тұста тесік саңылау бар екен. Содан төмен қарап келеміз. Сіріңкенің қорабындай ғана үйлер, жылға сияқты шұбатылған өзен, құмырсқадай жыбырлаған адамдарды көрдік. Әкем ұшқыштың қасында отырып аракідік бізге бұрылып, басын шұлғып қояды.

Шарджоуға аман-есен жеттік. Ол жерден поезға отырдық. Вагон лық толы жолаушы, жорғалаған қандала мен жылмаңдаған қалта қаққыш жүліктер. Қанша жүргенімізді білмеймін, әйтеуір Ташкенге де жеттік-ау! Ары қарай Алматы түсуіміз керек.

(Жалғасы бар).

Мұқағали Мақатаев өзінің аз өмірінде әдебиетімізде мол мұра қалдырған дарын. Өмір де бір өзен. Өлең де өзендей тұңғиық. Мұқағали жырлары бірде үн-түнсіз шымырлап қайнап, тереңге тартып, бірде ақ күміс бұлттарын түйдектетіп аспанға атқан сол өмірдің өзіндей.

Ақындық – ұлы ұғым

Задында ақылдыға қайғы алдырған, ақымақты ойландырған ақжарма жырдың бағасын түбінде кейінгілер береді. Соңына «Армысыңдар, достар?!», «Қарлығашым, келдің бе?», "Дариға-жүрек", "Өмір-дастан", "Өмір-өзен" сынды соқталы жыр жинақтарын қалдырған арқалы ақынның өлең мұрасын, қасиетті қара сөздің ауылына қалам қуатын сыйлаған "Қош махаббат" атты прозалық туындыларын, шынайы да шымыр сыни еңбектерін оқырман сүйсіне оқиды. Соңында жоқтай алар ұрпағы барлар ғана ұлылар санатына қосылады. Ақынның шынайы ұрпағы - жылдар өткен сайын әр қырынан жаңғыра түсетін, уақыт жүзіне шаң түсіре алмайтын туындылары. Кезінде сырласы Фариза ақынға болмағанда "Шаң басқан архивтерден табылармыз" деп мұңын шақса, көз жұмған сәттен бері әр өлеңі әнге айналып, қазақтың өлең сүйер әр баласының жүрегінде жатталып қаларын жауһар жыр иесі сезінді ме екен?

Өмірдің өзіндей шынайы арқалы да ақжарма ақынның "Алатау, ассалаумағалейкум!" деп асқақ үнмен жар салған өлеңдерінің рухы үкілі үміттерді жебеді, алғы күнге құлшындырды.

- Қарлығашым, келдің бе,
Алақандай нау құсым.
Аман-есен жеттің бе,
Қаршығадан саумысың?! - деп туған жердің титтей құсына алаңдаған біртуар дарынның нәзік жүрегіне тәнті болмау мүмкін емес.

"Кең дүние, төсіңді аш, мен келемін, алынбаған ақым бар сенде менің..." - деп өр екпінмен өлең өлкесіне енген өр тұлғаның әрбір өлеңі ашылмаған араладай, атылмаған жанартаудай ғажайып сезімге бөлейді. "Ал енді мен ақыл айтам, ақыл айтам таңданба", - деп алып кейінгіге өмір сабақтан түйгенін күлбілтелемей ақтарады:

- Уақытты тоқтатар шамаң бар ма,
Бәрі өтеді, дәуірлер, замандар да.
Менің жаным ашиды, уақытты,
Өтпейтіндей көретін адамдарға! - деп бауырларына базынасын жеткізеді. Осы аз тірлікте айтарыңды айтып, жазарыңды жазып, береріңді беріп кетпейсің бе? Әйтпесе уақыт уысында тұрмайды ғой. Міне, бей-берекет тірлік кешкен бейтанысқа ақынның зығырданы осылай қайнайды.

Ақын эрудициясы, дүние-танымы қара өлеңнің майын ішкен марқасқаның мейір қандырар төлтумаларынан айқын танылып тұрады. Өзіміздің тегімізге тән жыраулық дәстүр, кейінгі Махамбеттер, Абайлар жайлауы ақынның сан шиырлаған өз ортасы. Батыс, шығыс классиктерін, орыстың озық ойлы қаламгерлерін көз майын тауысып зерттеген сөз зергері аудармада да екінің бірі алмаған асуға көтерілді, бұл сапарда оның ұққаны көп, ұтқаны көп.

Қырық бес жасында өз отына өзі өртенген өнер иесінің өміршең өлеңдері, міне, қырық сегіз жыл бойы жұртшылықпен жүздесіп, бірнеше рет таңдамалылары мен жарияланбаған жырлары кітапқа айналып, оқырмандармен дидарласты. Бүгінгі таңда ол ең көп оқылатын ақындар сапында, бірқатар мектептерде, гуманитарлық бағыттағы оқу орындарында "Мұқағалитану" пән ретінде оқытыла бастады. Кезінде марқұмның кезекті кітабын шығарарда бір баспагер "Мұқағалидың таңдамалы өлеңдерін жинақтауды кімге тапсырсам", - десе белгілі жазушы Асқар Сүлейменов: "Оның таңдамалы емес өлеңі бар ма?" - деп таңданған көрінеді. Сол сияқты "айтарын айтып кеткен абайламай" қайран ақынның өз заманының тар шеңберіне сыймай бұрқанған сәттері айшықталған ақын жырлары жаңа ғасырларға жасампаз ұрпақтары арқылы жалғаса бермек.

Мүмкін:

- Ырқыңа сенің деген көніп келдім,
Енді сен ерік бергін, ерік бергін.
Сөзден өлген атамды тірілтпесем,
Қос мені қатарына өліктердің, - деп сертке тартқан семсердей серкесөз тудырған күміс көмей өзі өгейсісе де, мұрасының мұңсыз ғұмыр кешерін пайымдаған болар.

-Қарғам, сені жайым жоқ кем көретін,
Бимағұлым тағдырың сен көретін.
Зат боп неге жүрегім жаралмаған,
Қарғаларым сендерге тең бөлетін?!- дейді ақын «Көретін күнім алдымда» атты өлеңінде.

Жүрек-жыр, жүрек-сыр, жүрек -сезім. Ақын жыры тұтас бір буынның, уақыттың, дәуірдің кесек бір бөлігінің өзгеге ұқсамайтын, өз мінез-сымбатымен көрінген көрінісі. Сонау алғашқы жинақтарынан бастап соңғы «Өмір-өзенге» дейінгі туындыларының бәрінен үзілмес бір ізді, жібек желдей жанға жайлы сырлы сазды, өзіндік дәстүр арнасын сезіндік. Ол қай өлеңінде болсын оқырманға сыршылдық, шынайы әңгімешілдік рухтағы бүкпесіз, кібіртіксіз тіл қатады.

«Жаңбырда» өлеңінде:

Жақсы едің ғой, құлын мүсін қылықтым,
Тұзағына түстің қандай құрықтың?
Қайдан жүрсің? Жүзің неге суық тым?
Неге ұмыттың, неге бізден суыттың?- деп тебіренсе, ақын жанның мейірлі лүпілін өз сезім-күйімізбен жатырқамай қабылдаймыз. Ақын керек жерінде сәбилік мақтанышпен, керек жерінде мысқылкекесінмен, ирониямен «Лирикалық менді» ашық ақтарып отырады.

Ақынның «Соғыстың соңғы көктемі» атты өлеңі бес шумақтан тұрады. Бес шумақта бес беттік баяндаумен де, бес бөлімді кітаппен де жеткізгісіз үлкен картина көзге елестейді.

Қуанта бірақ алмады
Сонау бір үйді шеттегі,
Соғыстың соңғы көктемі...

Көктем – қуаныш, көктем – тірлік көктеуі, алда – жазира жаз, мәуелі күз бар... жасыл әлем, жарық дүние... Осынау үлкен алып әлемнің бір нүктесіндей, жарық дүниенің елеусіз ғана қаралы нүктесіндей – қаралы үй...

Осы нүкте арқылы адамзаттық мәні бар драмаға ауысады. Сөйтіп, оқыған жанды бей-жай қалдырмайтын туынды дүниеге келеді.

Осындай бір ұрпақ трагедиясы «Беташар» атты өлеңде төмендегідей бейнеленеді:

Келіннің бетін ашқан-ды,
(Иіліп байғұс жасқанды).
Жасқанды-дағы ... жас қалды...
Ертесі соғыс басталды,
Алды да кетті жастарды.

Бұл өлеңде әлеміш бояу, аптыққан сезім, алқынған арпалыс жоқ. Еңсені көтертпейтін мұң, көкірекке салмақ салар боз мұнар, қоңырқай сурет, қоңылтақ көңіл арқылы сұрапыл кезең кескінін береді. Бұл – ақынның шынайы шеберлігі.

Мұқағали Мақатаевтың ақын ретіндегі, азамат ретіндегі ерекше қасиеті – ештеңеден бейтарап қала алмайтындығы. Көзімен көріп, көңілімен бағамдаған жайды ол бүкпесіз жайып салады. Жақсы сөзін халқына арнаған ақында шынында да арман жоқ. Бұл арада «айтып өткен ақында арман бар ма, жүрегінің түбіне кір жасырмай»,- деген ақын сөзін автордың өзіне бағыштаған дұрыс.

Мақатаевтың жан дүниесін тануда қоғамнан қағажу қалған ақынның жанайқайын ашып салатын күнделіктерінің құны ерекше. «Адамдардың арасында болған алауыздық мені де шарпымай өткен жоқ... Айналам тарылып, құрсауланып барады. Жағдай қиын, өте қиын...» дейді 1973 жылғы 22-ақпандағы жазбасында. Осыны оқып, оқырман ретінде біз де күйзелісімізді қағазға түсіргенбіз:

Көп ішінде жүріп-ақ жалғыздықтың
зардабын,
Тартады ақын, жанашыр бөліспесе
арманын.
Күнделіктен көңілдің арпалысын
сездірдің,
Тасқа түскен таңбадай танымың мен
талғамың.
Күнделікте күдік пен күрсіністі
бар мұңың,
Жан дүниеңді ақтарған жазбаларда
қалды үнің.
Жағдайыңа қанықтым, тарылдың сан
тарықтың,
Маңдайыңа жазылған тізбектелді
тағдырың.
Күйзелер ме ең көңіл жаз, болса егер
ірге нық,
Өз-өзіңмен тілдестің жан ауыртар
сыр бөліп.
Абайсызда айтылған сөзің мірдің
оғындай,
Талайсыздау тұлғаңды танытады
күнделік.

Мұқағали ақынның сыншылдығы жеке зерттеуді керек етеді. Кезінде «Қадырдың қадірі» деп өлең-сөздің зергері Қадыр Мырза–Әлінің ойлы қолтаңбасын дер кезінде танығандардың бірі осы ақиық ақын болатын. Күнделігінде Блокты орыс әдебиетінде оқшау, ешкімге ұқсамайтын өз биігінде тұрған ақын деп айшықтайды. Осы ой төмендегі өлеңімізге де арқау болған:

Өзің жоқсың. Кезді жырдың елесі,
-Блок ,- деуші ең,- ақындардың төресі.
Сараптадың жазғандарын саралап,
«Жан дүниенің айғайы осы – «Он екі».
Өлең деген үйлесім мен ұнасым,
Қыран ақын кеңге жайған құлашын.
Бағаладың жырдың құнын дөп танып,
«Бір дәуірдің көз жасы»,- деп мұрасын.
Кейінгіге мирас болды хас үлгің,
Ақтарылдың, ақ жарылдың, ашылдың.
Буырқанып ұлылармен үндестің,
Жанын танып романтик ақынның.
Өзің жоқсың. Жылдар салып араға,
Қайта оқиды жырыңды үлкен, бала да.
Бір өзіңді жарты құдай санайтын,
Оқырманың азаймайды, жан аға!
Ақынның "Бүгін менің туған күнім" деп басталатын өлеңі бар. Туған күні жыл сайын кеңінен аталып өтетін тарланбозға арналған төмендегі жыр-тартуымды қабыл алыңыздар:

Кәусарын жырдың іштім де,
Айдарымнан сан жел ескен.
Туған күнінің үстінде,
Ақынмен аз-кем кеңессем.
Жарияға жетер бұл сырым,
Қазынаға қанша кенелдім.
Барлаған жұмбақ, тылсымын,
Геологы едім өлеңнің.
Тосылған шақта жар болдың,
Қойнауындасың ғарыштың.
Жарқылын сезер әр жолдың,
"Өмір-дастанмен" қауыштым.
Үйкүшік болмай, түз ұнап,
Тазарып іштей тұнамын.
"Өмір-өзеннен" сүзіп ап,
Алтын ой - таққан тұмарым.
Ақындық атты ұлы ұғым,
Өзіңмен бірге жаралған.
Миллионның мен бірімін,
Алатау-жырдан нәр алған.
Асылдың бәрі өзінде,
Шаң қонбас мәңгі мұраға.
Жабырқап жүрген кезімде,
Қуат бере гөр, Жыр-Аға!

Жомарт ИГІМАН,
Халықаралық "Алаш" әдеби сыйлығының лауреаты.

Мұқағали - мәңгілік ғұмыр

Сарқан аудандық кітапханасында қаңтар айының 30-ында кітапхананың оқырмандарға қызмет көрсету залында кітапханашы А.Сабитова, кітапхана библиографы Ж.Танирбергенованың ұйымдастыруымен М.Мақатаевтың туғанына 93 жыл толуына орай «Мұқағали - мәңгілік ғұмыр» атты жыр кеші өтті.

Қарасаз, қара шалғын өлеңде өстім,
Жыр жазсам, жұртым,
соған елеңдестің.
Өлсе өлер, Мұқағали Мақатаев,
Өлтіре алмас, алайда өлеңді ешкім,- деп ақынның өзі айтқандай, оның өлеңі өмірден өзі кетсе де өшпей жалғасын тауып келеді. Шараға Н.Островский мектеп-лицейінің 5 «Б» сыныбы оқушылары қатысып, М.Мақатаевтың өлеңдерін оқыды.

Саф алтындай поэзиясын бір елдің мұрасындай етіп қалдыра білген ақынның өлеңдері өзі айтқандай болашақтарға жол тартады. М.Мақатаев ғажайып, сыршыл, гуманист ақын. Кітапханамыздың төріндегі кітап көрмесімен кітапханашы А. Сабитова таныстырды. Экранға бейнекөрініс қойылып, кеш соңында оқушыларға марапат қағазы беріліп, мәдениет үйінің қызметкері Жаннұр Хузайыр «Балбырауын» күйін тарту етті.

Ж. ТАНИРБЕРГЕНОВА,
кітапхана библиографы.



Осыдан тура 30 жыл бұрын, 1994 жылдың қыркүйегінде І.Жансүгіров атындағы Талдықорған университетінің ашылғанына небәрі үш жыл болған қазақ тілі мен әдебиеті мамандығына оқытушылық қызметке Мұратбек Мүбаракханұлы екеуіміз бірге қабылдандық. Сол күннен басталған біздің әріптестік жолымыз үлкен достыққа ұласты. Сол сыйлас жанға айналған менің досым, Ілиястанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Иманғазинов Мұратбек Мүбаракханұлы бүгінде алпыстың асқарына шығып отыр.

Көркем мінезді, кемел ойдың иесі

(Мұратбек Мүбаракханұлы 60 жаста)

Мерейлі жас ол сенің жүріп өткен жолыңа есеп беріп, өткен күндеріңе бағамдай қарап, бағалайтын күнің іспетті. Сол сәтте маңдай терің төгілген еңбегіңнің нәтижесімен бағындырған белестеріңді, асқан асуларыңды, орындалған армандарыңды, қол жеткізген мақсаттарыңды қанағат тұтып, болашаққа бағдар жасайсың. Өткен күнге ой жүгіртсем, досымның ғылымдағы ізденісі, ұлағатты ұстаздық жолы, отбасындағы тіршілігі санамда қайта жаңғырады.

Оның текті тұлғасының, бекзат болмысының, кербез келбетінің, кішіпейіл мінезінің түп негізі өскен ортасынан, топырағы киелі туған жерінің табиғатынан бастау алады. Мұратбек Мүбаракханұлы Алматы облысы Алакөл ауданы Тоқжайлау (бұрынғы Дзержинск) ауылында 1964 жылы 4 ақпанда дүниеге келді. Тоқжайлау ауылының тұнып тұрған табиғаты бала Мұратбектің санасына сұлулықтың сырын ұқтырды, жүрегіне нәзіктікті ұялатты. Төрт қыздың ортасында жалғыз ұл боп ерке өскен Мұратбектің де мінезі «жібектей есілген» биязы болып қалыптасты. Әкесі Мүбаракхан сөз қадірін білген, көкейіне келген келелі ойын «тобықтай түйінге» сыйдырған, шабыты келгенде домбыраның сазды үніне өз әуенін үйлестірген кемел адам болған. Қазақтың шежіре дастандарын, ескі әңгімелерін көп білген. Әкенің бойындағы осы қабілет-қарымы ұлына дарыды, ер жетті, есейді, оны мен солын таныды. 1982-1984 жылдары Кеңес Одағы қарулы күштері қатарында болды. Әскерден оралған соң алғашқы еңбек жолын 1984-1986 жылдары құрылыста жұмысшы болып бастады. 1986 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің журналистика факультетіне оқуға түсуі арман қуған жастың жарқын болашағына жасаған маңызды қадамы еді. Студенттік белсенді өмірге бел шеше кірісті, университеттегі жастар ұйымының, кәсіподақ ұйымының төрағасы болды, жастар мәселесінің түйінін оңтайлы шешілуіне ат салысты. Университетті 1991 жылы үздік дипломмен аяқтап, сол жылы Талдықорған қаласындағы Ілияс Жансүгіров әдеби музейіне ғылыми қызметкер болып қабылданды. Міне, жас зерттеушінің ғылымдағы алғашқы ізденіс іздері осылай басталды.

Шығармашыл тұлғаның зерттелінбей жатқан тұстарын ғылыми айналымға түсірсем деген айқын мақсат, асқақ мұрат Жетісу өлкесінде алғашқы сарабдал Ілиястанушы ғалымды қалыптастырды. 1995 жылы І.Жансүгіровтің туғанына 100 толуына орай ең алғашқы ғылыми еңбегі «Жан қайығын жарға ұрдым» деген естеліктер жинағы жарыққа шықты. Осы тұста І.Жансүгіровтің қызы Ильфа Ілиясқызы Мұраттың политехникалық колледждің жатақханасында тұратынын көріп, «ғылыммен айналысу үшін адамға жағдай керек, мына жер саған қолайсыз болады, қаладағы Қаратал шағын ауданында біздің үйімізге барып тұр» деп ұсыныс айтады. Көп ұзамай сол үйге Мұрат шаңырағымен көшіп барады. Ілиястай ұлы тұлғаның ұрпағынан қалған бұл шаңырақ Мұрат үшін де қасиет қонған құт мекен болды. 1998 жылы филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Кәкішұлының жетекшілігімен «Ілияс Жансүгіровтің шығармашылық лабораториясы (прозалық туындылары негізінде)» тақырыбында кандидаттық диссертациясын қорғады. Ол – Жетісу өңірінде қазақ әдебиетінен ғылым кандидаты дәрежесін алғаш алған ғалымның бірі. Мұратбек Мүбаракханұлының Ілияс мұрасына деген қызығушылығы, сол мұраны бүгінгі және келешек ұрпаққа қайтаруға, жастарды осы біліммен қаруландыруға деген ғалымның ыстық ықыласы кәсіби қызметінде оны өрге жетеледі. Оның ғылыми-педагогикалық қызметі өз мамандығына аянбай қызмет етудің тамаша үлгісі болып табылады.

Мұратбек Мүбаракханұлы әртүрлі кезеңдегі шетел әдебиетінің тарихы және әлемдік көркем әдебиет бойынша курстардан сабақ берді. Бұл ғалымның әлем әдебиетін өзгеше қырынан, қазақ әдебиетімен үндестікте зерттеуге деген ынтасын тудырды. Зерттеуші ғалымның жоғары эрудициясы мен дарыны оған ең күрделі ғылыми мәселенің де сәтті шешімін табуға мүмкіндік берді. Ғылым жолындағы «инемен құдық қазғандай» еңбегінің нәтижесінде филология ғылымдарының докторы, профессор Т.Кәкішұлының жетекшілігімен 2008 жылы «Қазақ және антика әдебиеттеріндегі сюжеттік үндестіктер» атты докторлық диссертациясын қорғады. Көне мифтер, көне құдайлар туралы және қазақ әдебиеті мен шетел әдебиетінің сабақтастығын бар ынта-ықыласымен сөз етуі ғалымды ерекше шабыттың шыңына жетеледі.

Сарқылмас шығармашылық қайраты, кең ой-өрісі, табандылығы, жемісті ғылыми-педагогикалық жұмысының арқасында профессор Мұратбек Мүбаракханұлының еңбегі жоғары бағаланып, лайықты құрметке бөленді. 2008 жылы «ЖОО-ның үздік оқытушысы» атағын алды, 2012 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің іргелі және қолданбалы зерттеулер жобасының грантына ие болды. 2009 жылы Греция, Италия, Германия мемлекеттеріндегі жоғары оқу орындарында, 2014 жылы «Болашақ» бағдарламасы аясында М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде ғылыми тағылымдамадан өтті.

Қазір «Ілиястану» ғылыми-практикалық орталығының меңгерушісі. Алты іргелі еңбек пен 100-ге тарта ғылыми, әдеби-публицистикалық ғылыми мақалалардың авторы: «Жан қайығын жарға ұрдым» (1994), Ілияс прозасындағы дәуір дидары (оқулық, 2000), Ілияс Жансүгіров. Монография (2004), Антика әдебиеті. Монография (2006), Антика әдебиеті. Оқу құралы (РУМС, 2013 ж.), сондай-ақ, І.Жансүгіровтің 125 жылдығына орай шыққан 20 томдық еңбектің жауапты шығарушысы, редколлегия мүшесі. Оның ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелеріне ғалымдар белсенді сілтеме жасап, оқу үдерісінде қолдануда. Қазақ және орыс тілінде жазылған «Ілиястану» оқулығы университеттегі барлық мамандықта оқытылатын «Ілиястану» пәнінде пайдаланылады.

Отбасындағы бақыты – ол жеке әңгіме. Жүрегіне иман ұялаған, «ұяда ілгені бар» ибалы жан-жары Жемісжанды досымыздың маңдайына бұйырған бағы деп бағалаймыз. Олардың танысып жұптасуының өзі де романтика. Жемісжан да әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің химия факультетінде оқыған. Аққу мойын, аққұба өңді, қиғаш қасты, бойы сұңғақ аруды көргенде «осы қыз менің болашақ жарым болады» деп бірден сөз салады. Оқу бітірген соң отбасын құрады. Жемісжан ер азаматының ғылым көкжиегіне көтерілуіне жан-жақты қолдау көрсетті. «Наурыздың ақша қарындай» сұлулығы, келісті кербездігі ішкі жан дүниесімен үйлестік тапқан Жемісжан шаңырағының ұйытқысы, берекесі. Екеуі үш бала тәрбиелеп отыр. Тұңғыш қыздары Гүлнұр Абылайхан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің ағылшын және корей тілі мамандығын тәмамдап, Оңтүстік Корея республикасы Пусан қаласында университетте магистратура бітірді. Қазір Катар мемлекетінде қызмет жасайды. Ортаншы қызы Назерке С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетін бітірген, тұрмыс құрған, үш баласы бар, жолдасы Думан әскери қызметте. Үйдің ерке кенжесі Қасымхан политехникалық колледжде оқиды. Қасымханның дүниеге келуінің өзі бір тарих. Мұрат өзі төрт қыздың ортасында ерке болып өскен жалғыз ұл болғандықтан, қарт ата-анасы ашық айтпаса да іштей сол жалғыз ұлының ұрпағын жалғастырар ұл болса екен деп тілейді. 2004 жылдың тамыз айында Мұраттың жетекшісі Кәкішев Тұрсынбек ағай мен Халық қаһарманы Қасым Қайсенов өзінің туған жері Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы Асу-бұлақ ауылына жолға шығады да, жол жөнекей Мұраттың шаңырағына соғып, дәм татады. Дастархан басында мән-жайды ұққан батыр атамыз Қасым Қайсенов қолын жайып «атқа мінер, қамшы ұстар ұл келсін шаңыраққа» деп ақ батасын береді. Міне, үйдің сүт кенжесі Қасымхан осындай үлкен тілекпен, арманмен дүниеге келген бала.

Мерейтой дегеннің өзі сол адамға деген жылы лебізіңді білдірудің тамаша мүмкіндігі. Ол өз айналасында шығармашылық бәсекелестік атмосферасын құрды. Мұратбек Мүбаракханұлы өзінің тұлғалық болмысымен, пайым парасатымен, адами қалпымен, мәрттігімен, сөздің қадір-қасиетін құнттай алатын пәлсапашыл саңлақ санасымен ұжымда, достарының ортасында, отбасында құрметке бөленген жан. Менің досым ізгілік ұялаған рухани болмысымен елі елейтін, халқы қалайтын үлкен Ел ағасы болсын!

Мамиля ЖАҚЫПБЕКОВА,
филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор.

Тәлімгері жақсының – тәлімі жақсы

Қазіргі кезде мемлекетіміз үшін кәсібилік деңгейі жоғары мамандар дайындап шығару қандай өзекті мәселе болса, жас мамандарға қолдау көрсету дәл сондай көкейкесті мәселе болып табылады. Бұл мақсатқа жетудің тиімді тетіктерінің бірі алдыңғы толқын ағалардың кейінгі толқынды тәрбиелеу ісі екендігінде дау жоқ.

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының заңы бойынша бір оқу жылы кезеңінде орта білім беру ұйымына педагог лауазымына алғаш рет қабылданған педагогке оның кәсіби бейімделуіне практикалық көмек көрсететін тәлімгер бекітіледі.

Сөз төркініне үңіле қарасақ тәлімгер сөзінің астарында үлкен мағына жатыр. Сөздікте «Тәлімгер — басқа жұмыскерлер кеңес, ұсыныс, қолдау ала алатын білікті, тәжірибелі, кәсіби маман» - деп анықтама берілген.

Өмірге алғаш қадам басқан сәтте, біздің тәлімгеріміз ата – анамыз болды. Сол кісілер бізге қиын кездерде қол ұшын беріп, көмектесті. Ал мектеп табалдырығын аттаған кезде біздің тәлімгеріміз ретінде ұстаздарымыз болды. Бір мамандық иесі атанып алғаш үлкен орта, жұмыс ұжымына қабылданған сәтте тағыда сол тәлімгердің тәрбиесіне мұқтаж боларымыз сөзсіз. Бұл орайда Сарқан қаласындағы «Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебі» КММ әр жас маманға еңбек жолында кездескен қиындықтарды өткеруге, өзінің кеңесі мен қолдауын аямайтын тәлімгер ұстаздар бекітілген. Сондай жандардың бірі – жоғары білімді математика пәнінің мұғалімі Сембаева Жадыра Куситкановна,

Жадыра Куситкановна кәсіби – білікті маман ғана емес, терең ойдың иесі, пейілі кең педагог, сонымен қатар көмекші, дос, кеңесші. Ұжымның қоғамдық өміріне белсене қатысады, өзінің жалпы мәдени және кәсіптік шеберлігін дамытып, шығармашылық қабілеттерін шыңдап және кәсіби дағдыларын үздіксіз жетілдіріп отырады.

Тәлімгерлік жүргізу барысында жаңадан келген әріптестеріне Жадыра Куситкановна кәсіби бейімделуіне және лауазымдық міндеттерді орындау кезінде туындаған кәсіби қиындықтарды жеңуде көмек көрсетуден жалықпаған емес.

Тәлімгер, Жадыра Куситкановна – қиялы ұшқыр, тың ойлар айта білетін тапқыр, тәрбиеге қатысты жұмыс түрлерін дер кезінде ұйымдастырушы, балалардың оңы мен солына дұрыс бағыт сілтеп, жақсы мен жаманды саралап тәлім – тәрбие берер тәрбиеші. Жас маман ретінде тәлімгерімнен үйренгенім көп, әлі де үйреніп, ұстаздық жолдың қыр – сырын меңгеремін деген сенімдемін.

А.АБДРАХМАНОВА,
Ы.Алтынсарин атындағы орта мектебінің жас маманы, математика пәнінің мұғалімі.

101 ескертеді

Жылыту кезеңінде улы газбен улану

Улы газбен улану жағдайларына негізгі себепкер болатын өрт қауіпсіздік талаптарын орындалмауынан газ және газ жабдықтарының бұзылған жағдайында пайдалануы (бітелген түтін, жану және пештің конструкцияларындағы жарықтар).

Алайда, улану фактілерінің барлығы азаматтардың жылытатын құрылғыларға (өрт қауіпсіздігі талаптары мен дұрыс жұмыс жасалмауы) немқұрайлы қарауымен байланысты, бұл зардап шеккендердің санын көбейеді және көбінесе адамдар өздері емес, отбасылары, балалары зардаптарын шегеді. Сондықтан, Жетісу облысының тұрғындар арасында улану фактілерін болдырмау үшін қарапайым ережелер сақталуы керек:- электр жылытқыштар мен пештерді жылыту құралдарын пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі бойынша қарапайым шараларды сақтау; - үйдегі пештерді тексеру және жөндеу; - жиналған күлден үнемі тазартқыштар мен пештерді тазалау; - жеткілікті білімі, дағдылары мен құралдары жоқ жанармай шығаратын қондырғыларды орнатпаңыз немесе қолданбаңыз; - үйде, шатырда, машинада немесе гаражда көмірді жағуға болмайды; - жабық бөлмеде немесе ұйықтайтын бөлмеде желдеткіш жоқ газ құрылғыларын пайдаланбаңыз; - бөлмені қыздыру үшін газ плитасын, пешті немесе кептіргішті қолданбаңыз.

Елдар ТУРСУНОВ,
Сарқан ауданы ТЖБ бастығы, азаматтық қорғау майоры.

ПРАВИЛА ПОЛЬЗОВАНИЯ ГАЗОВЫМИ ПРИБОРАМИ

В быту повсеместно используются газовые приборы, которые просты и удобны в обращении. Однако пренебрежение правилами пользования газом приводит к непоправимым последствиям.

При установке газового баллона необходимо проверить наличие резинового кольца и его целостность. На редукторе проверьте наличие трех металлических шариков. После установки категорически запрещается проверять места соединения на утечку газа зажженной спичкой, для этого нужно использовать мыльный раствор.

При пользовании газовыми приборами не забудьте открыть форточку. Не оставляйте газовые приборы без присмотра. Не допускайте к использованию газовыми приборами детей дошкольного возраста, а также лиц, не знающих правил обращения с этими приборами.

КАТЕГОРИЧЕСКИ ЗАПРЕЩАЕТСЯ: - загромождать газовые приборы, какими-либо посторонними предметами; - оставлять горелки зажженными, уходя из дома; - пользоваться духовыми шкафами для обогрева кухни; - самовольно заниматься ремонтом плит и перестановкой газового оборудования.

ПОМНИТЕ, что при утечке газа необходимо немедленно проветрить помещение, прекратить пользование газовым прибором и вызвать аварийную службу.

А.КАБДЕШОВ,
старший инженер ОЧС Сарканского района, лейтенант г/з.

С начала 2024 года вырос объем пенсионных выплат казахстанцам из ЕНПФ

С 1 января 2024 года на 5% выросли выплаты из ЕНПФ пенсионерам, вышедшим на заслуженный отдых в период после 1 января 2018 года.

ЕНПФ
ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫ / ПЕНСИОННЫЙ ФОНД

Выплаты из ЕНПФ осуществляются согласно Методике осуществления расчета размера пенсионных выплат, утвержденной Постановлением Правительства Республики Казахстан от 30 июня 2023 года № 521 (далее – Методика).

В соответствии с Методикой выплаты гражданам, выходящим на пенсию, рассчитываются следующим образом: в первый год получения выплат сумма пенсионных накоплений умножается на ставку выплат пенсионных накоплений 6,5% и делится на 12.

Для получателей определенных категорий: людей с инвалидностью 1 или 2 групп, установленных бессрочно, а также людей, работавших на вредных и опасных производствах, чьи накопления сформированы за счет обязательных профессиональных пенсионных взносов в совокупности не менее шестидесяти месяцев, Методикой предусмотрены поправочные коэффициенты, повышающие размер ежемесячной пенсионной выплаты. Для лиц, удовлетворяющих более чем одному из вышеуказанных условий, применяется поправочный коэффициент с наибольшим значением.

При этом ежемесячная пенсионная выплата из ЕНПФ осуществляется в размере не менее 70% от прожиточного минимума (далее - ПМ), установленного на соответствующий финансовый год законом о республиканском бюджете (в 2024 году ПМ - 43 407 тенге). Таким образом, с начала года размер минимальной выплаты из ЕНПФ составил 30 384,9 тенге (70% * 43 407 тенге).

В последующие годы размер ежемесячной пенсионной выплаты увеличивается на ставку индексации пенсионных выплат в размере 5%.

В случае, если сумма пенсионных накоплений на дату осуществления выплаты из ЕНПФ не превышает двенадцатикратный размер минимальной пенсии, установленный законом о республиканском бюджете на соответствующий финансовый год, данная сумма выплачивается получателю из ЕНПФ единовременно (в 2024 году размер единовременной пенсионной выплаты составляет 694 236 тенге = 12 * 57 853 тенге).

Лицам, реализовавшим свое право на получение пенсионных выплат из ЕНПФ до 1 января 2018 года, пенсионные выплаты рассчитываются по методике, действовавшей на момент назначения пенсионных выплат: сумма годовой пенсионной выплаты рассчитывается и не превышает наибольшую из тридцатикратного размера минимальной пенсии (в 2024 году: 1 735 590 тенге =30*57 853 тенге) и величины, рассчитанной как произведение суммы пенсионных накоплений на коэффициент текущей стоимости пенсионных накоплений в соответствующем возрасте получателя.

Пенсионные выплаты из ЕНПФ осуществляются до исчерпания пенсионных накоплений на индивидуальном пенсионном счете.

Жаңартылған бағдарламаның тиімділігі

Өскелең елдің айбынды болашағы үшін – ең әуелі сапалы білім қажет. Ол үшін еліміздің білім саясатындағы ғылым-техникалық әлеуетін жұмылдыру, ғылымның басым бағыттарын дамыту жолындағы ресурстарды шоғырландыру, оның жетістіктерін өндіріске енгізу инновациялық дамудың негізгі көзі.

Білім мен ақпарат дамыған қоғамда білім беру жүйесі инновациялық экономиканың негізгі бөлігі болып табылады. Білім берудің негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді.

Қай кезеңде, қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Білім саласындағы түбегейлі өзгерістер ұстазға үлкен жауапкершілікті талап етеді. Өздігінен білім алатын, жан-жақты ізденетін, алдағы өмір жолын өзі болжай алатын тұлға тәрбиелеу-ұстаздың қолында.

Жаңа бағдарлама бойынша жаңаша көзқарас қалыптасып, білім деңгейі биікке көтеріліп келеді. Қазіргі білім беру жүйесінде жаңа технологияларды енгізу күннен-күнге басты талапқа айналып, осы әдістерді жетілдіре түсу қажеттігі күшейіп келеді. Мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болса да, мұғалім оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының тұлға ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады.

Заманауи қоғамның зиялы азаматына білім беру- сана әлеуеті жоғары дамыған, сын тұрғысынан және жаңашыл ойлай білетін, рухы мықты, өз білімін қоғамның алға басуына жұмсай алатын адамды тәрбиелеу. Білім беру бағдарламасында тәрбие мен оқыту ажырамас байланыста болады.

Заманауи мектептердің мақсаты-жоғары білімді, шығармашыл адамның үйлесімді тұлғаланып, дамуы үшін қолайлы білім беру кеңістігін жасау. Өз білімінің нәтижесінде оқушы бойында сын тұғысынан ойлау, білімін шығармашылықпен пайдалана білу, зерттеушілік дағдылары, АКТ дағдылары, топта және жеке жұмыс істей білуі, тілдік дағдылары, қойылған міндеттер мен күрделі мәселелерді шеше білу дағдылары қалыптасады. Мектеп бағдарламасына кіріктірілген пәндерді енгізу оқушының жалпы дамуына және тақырыпты сабақта тереңірек зерттеп, әлем туралы тұтас ұғымының қалыптасуына септігін тигізеді.

Ақмаржан ЕСЕМБЕКОВА,
Бірлік орта мектебінің биология пәні мұғалімі.

Математиканың біздің өміріміздегі маңызы

Математика ғылымы – қоғамдағы объекті мен субъектіге тікелей байланысты. Ол лингвистиканы былай қойғанда, адамзаттың білімдегі жетістіктерінің айғағы. Себебі, математикасыз біз өмір сүре алмас едік. Біз бұл жолда математиканың қасиетін тану арқылы өмірдегі модельдердің қыр – сырын біле алатын едік. Бұдан метаматика ғылымы барлық ғылымдардың тілі ретінде қарастыра аламыз деген нәтиже шығады.

Математика мен адам өміріндегі мамандықты байланыстырар болсақ, мәселен инженер, құрылысшы, дәрігер тәрізді маман иелерін алайық. Инженер өз сызбасын өмірде жүзеге асыру үшін сызбада көрсетілген ғимараттарға белгілі бір өлшемді береді. Құрылысшылар да дәл солай. Ғимараттың қабырғасын тұрғызу мақсатында әк, там, құм деген элементтерді өлшеп салады, дәрігерлер адамдарға екпе егу кезінде 5 млл, 2 млл, яки 10 таблетка деп өлшеу арқылы өз жұмысын жасайды. Осы орайда, байқайтынымыз математика ғылымы адамдармен де тіршілік иелерінің өмірімен де тығыз байланысты. Неге жарытылыс иелері? Тек адам баласы ғана емес, жан – жануарларда математикалық өлшемдерді өз беттерінше шамалап тағам тұтынады. Мәселен, бір келі шөпті сиырдың жеуі, бес литр суды жылқының ішуі, екі жүз грамм сабанды қойдың жеуі, т.б. Бұдан математика ғылымының масштабы пен көлемді көрсететін өлшеу құралы ретінде өз өмірімізде пайдалана алатынымызды аңғарамыз.

Математика ғылымы өркениетіміздің дамуына үлкен үлесін тигізетіні ақиқат. Ақылды, парасатты адамдар жаңа технологиялар түрін тауып, қоғамымызды жақсартады. Ал бұл дүниелердің барлығы болу үшін математиканың қыр – сырын білуіміз маңызды екен. Кешегі қазақтан шыққан әлемнің екінші ұстазы Әбу Насыр Әл-Фараби бұл құбылысты мойындап, математика туралы көп зерттеді. Ал ғалым Вейерштрасс «жазушы - математик болмаса, белгілі бір жетістікке жете алмайды» дейді осындайды. Неге десеңіз? Себебі, ақын да өз өлеңін жазуда белгілі бір өлшем құрап, соған буын мен бунақты, шумақ пен тармақты сәйкестендірмесе, ол өлең емес, құр әңгіме болып қалатындығы шындық.

Сөзімізді қорытындылай келе, математика – өміріміздің негізі. Математикасыз өмір сүру еш қоғамда болмаған құбылыс. Өркениетіміздің маңызды бір бөлігі математика болып табылғандықтан, математика заңдарын білу әр жеке тұлға үшін маңызды деп ойлаймын!

Айгул ХАФЕЗ,
Бірлік орта мектебінің математика пәні мұғалімі.

Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 35 жыл

ЕЛІМІЗ АМАН, ЖҰРТЫМЫЗ ТЫНЫШ БОЛСЫН!

дейді ауғандық ардагер

1979 жылы желтоқсанның 25-нен 26-сына қараған түні Кеңес одағының әскері Ауған шекарасынан өтіп, он жылға созылған соғыс бастады. Қазақстан территориясынан 22 мың жауынгер аттанып, сол соғысқа қатысты. Солардың қатарында 762 адам ауған жерінен оралмай қалса, 25-сі із-түзсіз, хабарсыз жоғалып кеткен. Абырой әпермеген ауған соғысы осылайша Қазақстандағы талай отбасының шаңырағын шайқалтып, өз ауыртпалығын әкелді.

Сарқан ауданынан Ауған жеріне аттанған жігіттердің қатарында Шерубаев Серікхан Қақтайұлы да бар болатын. 1965 жылы 25 наурызда Көкөзек ауылында дүниеге келген Серікхан ағамыз орта мектепті бітірген соң Үшаралда шопырлық оқуды оқиды. Аталмыш оқу кейін әскер қатарында, Ауғанстан жеріндегі әйгілі соғыста әскери көлік жүргізуіне себепкер болады. 1983 жылы отан алдындағы борышын Ресейдің солтүстік қиырындағы Мурманскіде өтеп жүргенде бұларды қатаң медициналық комиссиядан өткізеді. Серікхан Қақтайұлының айтуынша басшылық бұларға Ауғанстанға баратындықтары туралы тіс жармаған. Жан-жақты қараған әскери комиссия аралары-нан іріктеп 200-ге жуық жігітті ауған жеріне аттандырады. Алғашында Ауғанстанның астанасы Кабул қаласының жанында шоғырланған бұлар кейіннен соғысқа аралассады. Шопырлық куәліктің осы тұста пайдасы тиіп, Серікхан ағамыз әскери байланыс көлігін жүргізеді.

Бір көлікте төрт жігіт түрлі бөлімдердің бір-бірімен жедел түрде ақпарат алмасуына атсалысады. Осылайша кейіпкеріміз әскер әлеуетін арттыратын байланыс саласында өз міндетін мүлтіксіз орындап, сенім үдесінен шыға білді. 1985 жылы әскери мерзімі бітіп, туған жерге оралады. Сол жылы үйленіп, ел қатарлы тіршілік етті. Интернационалдық борыштың мінсіз өтеуі кеудесіне «Жауынгер - интернационалистке», түрлі медалдар және әйгілі «Қара майор» атанған Борис Керімбаев атындағы медалдар болып тағылды. Құдай қосқан қосағы Шерубаева Майра Темірғалиқызы екеуі 4 бала өсіріп, оларға тәрбие берді, жоғары білім алуларына жағдай жасады. Балаларынан балдай тәтті 10 немере көріп, солардың қызығын қызықтап, ата-апа атанды. Қазіргі таңда Сарқан қаласындағы №1 мектеп-гимназияда ағаш шебері болып қызмет ететін Серікхан Қақтайұлы еліміз аман, жұртымыз тыныш, іргеміз бүтін болса екен дейді.

Уақыт емші дейді, атқан оқтай, шапқан аттай зулаған мезгіл тән жарақатын жазғанмен, жан жарасын жаза алмасы анық. Арамызда жүрген сол соғыстың тірі куәгерлерінің санасында сыр болып шертілмеген қаншама қайғы-қасірет жатқандығы Аллаға ғана аян. Жыл санап қатары сиреген ауғандық ардагерлер қандай құрмет пен қошаметке болса да лайықты.

П.ЖЕҢІСХАН.

Ауған ардагерлерінің ұйымы

2012 жылдан Ауған локальдық соғыс ардагерлерінің және мүгедектерінің аудандық ұйымының төрағасы болып сайланған Тоқжігітов Ерболсын ағамыз осынау жылдар ішінде жүйелі жұмыстарымен ерекшеленді. 2018 жылы жат жерде оққа ұшқан қарулас жігіттердің рухына арнап құран бағыштап, үлкен ас берді. Тұрақты түрде еске алу шараларын өткізді. Оның ішінде колледж студенттері, мектеп оқушыларының қатысуымен салауаттылыққа, парасаттылыққа үндейтін түрлі іс-шаралардың тағылымдық-тәрбиелік мәні зор екендігін атап өткеніміз жөн. Ерболсын Тоқтасынұлы сондай-ақ Тұратбек Шарапиев аудан тізгінін ұстаған тұста аудан басшысының ықпал етуімен Ауған соғысында қаза тапқан жігіттер білім алған мектептерге ескерткіш тақталар орнатылуына ұйытқы болды.

Әйел құқығын қорғау

Әйел құқығы – ол адам құқығы, ол әйелдердің әлеуметтік, экономикалық, мәдени, азаматтық және саяси мәртебесін белгілейді. Олар әйелдердің кемсітуге ұшырамауына кепілдік береді.

Қазақстан Республикасының гендерлік теңдік стратегиясын іске асыру әйелдер мен ерлердің өздерінің өмір сүру құқықтарын жынысқа байланысты кемсітусіз іске асыруы үшін жағдай жасауға ықпал ететін, әлеуметтік рөлдерді бөлудегі қалыптасқан таптаурындыққа байланысты нақты өмірде әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктері ерлерге қарағанда азырақ.

Қоғамда болып жатқан жантүршігерлік жағдайларға қарап, қоғамда әйелдердің қадірін біліп, жете бағаланбайтынын, олардың құқы тиісті деңгейде қорғалмайтынын аңғаруға болады. Адам капиталын дамытуға ерекше мән беріп отырған елімізде әйел теңдігі мәселесі маңызды болып тұр. Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербетіп, айналасын үйлестіріп, жарастырып отырған әйелдің өзіне тең дәрежеде, зор құрметпен қарағаны абзал. Алыс-жақын ағайынды, көрші-қолаңды тату ету арқылы қоғамның ынтымағын сақтауда, ұлағатты ұрпақ тәрбиелеуде әйелдің ерекше орнын білу – қазақта бұрыннан бар идеология. Тек осы құндылығымыздың құрып кетпеуіне жол бермеген жөн.

Өркениетті елімізді дамыту үшін әйел, ер деп бөлінудің қажеті шамалы. Себебі қай топ болмасын өз белсенділігі мен іскерлігін ортаға салып, елге деген сүйіспеншілікпен беріле жұмыс атқарса, нұр үстіне нұр болары анық. Ақылды әйел қашанда отбасы мен қызметін бірге ала жүріп, әлемнің бесігін тербетуге құдіреті жеткілікті.

Бүгінгі таңда біздің елімізде әйел құқығының сенімді түрде заңнамалық деңгейде қорғалуының тетіктері толық әрі жан-жақты қамтылып отыр.

А.ДОСАНОВ,
Сарқан аудандық соты төрағасының м.а.

Мұзбалақ

Аяла БАҚЫТНҰР,
Ақын Сара атындағы орта мектептің 11 сынып оқушысы.

Мұқағали – мәңгілік мұзбалағым,
Жыр емдеді жаныңның сыздағанын.
Қаламыңнан төгілді жүрек қаны,
Мен де өзіңдей болсам деп
жыр жазамын.
Жан-дүниеңе серік қып ақ парақты,
Шабыт болып шуақты таңдар атты.
Оқырманға жолдадың шекпен жауып,
Өлең деген өлмейтін аманатты.
Тау тұлғасың, сол таудан жаралып ең,
Туған жерден таусылмас нәр алып ең.
Ұйықтағанда аққулар тербетіп ең,
Тыныштығын еліңнің қаламыңмен.
Көк жыласа жас тамбақ өлең болып,
Өнерге жол басталмақ кемелденіп.
«Алтай-Атырау», «Райымбек»
жыр шоқтығы,
Мұзбалаққа әйтпесе теңер ме едік?
Жылдар, жылдар, жылжиды асығады,
Талай ізді қар жауып жасырады.
Жырларыңды серік қып талай жүрек,
Талай ғасыр болады ғашық әлі.
Музаң болып мәңгілік қарлы шыңдар,
Өлеңіңді тасыған өзен тыңдар.
Елім деген жылуын жүрегіңнің,
Келешекке көшірер келер жылдар.
Өлең дейтін өлкенің таңы бөлек,
Ақын деген пенденің жаны ерек.
Жырың мәңгі маздайды шырақ болып,
Тау тұлғалы өр ақын, алып жүрек.

БЫСТРО, УДОБНО, ДОСТУПНО!

• Беззалоговый кредит - от 50 000 до 3 000 000 тенге
• Залоговый кредит – до 60 000 000 тенге
• Автозалоговый – от 1 000 000 до 10 000 000 тенге без гаранта до 5 000 000 тенге.

Мы гарантируем: быстрое рассмотрение, отсутствие комиссии, досрочное погашение без штрафов. Мы ждем вас по адресу: Аксуский р/н., с.Жансугуров, ул.Кабанбай, д.18, кв.2 (возле ЦОН).

Тел: 2-12-71 Гульнур +7771 7090284, Гульнур +7778 8065753.

Хабарландыру

Байсалбаев Қанат Келешекұлының атына тіркелген Қарабөгет ауылдық округі аумағында орналасқан 407 га көлемді жердің № 1511123, кадастрлық нөмірі 03-263-013-144 тұрақты жер пайдалану құқығын беретін мемлекеттік тіркеу актісі жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

SARQAN

Құрылтайшысы:
"Сарқан газеті" ЖШС директоры
ИГІМАН Жомарт Мақатұлы

Бас редактор:
ЖЕҢІСХАН Партия

Меншік иесі: "Сарқан газеті" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Газет Қазақстан Республикасы ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2019 жылғы 30 қазанда тіркеліп, №KZ46VPY00016564 куәлігі берілген.

Редакцияның мекен-жайы:
041500 Сарқан қаласы Тәуелсіздік көшесі, 117
Телефон: 2-20-47, 2-23-53
e-mail:
igiman01@mail.ru

Таралымы: 3012
Осы шығарылымның таралымы: 3012
Газет индексі: 35202,15202
Офсеттік басылым 1 баспа табақ
Газет аптасына бір рет жұма күні қазақ және орыс тілдерінде шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мәтініне жарнама беруші жауапты.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Газет «Ербол - Али» ЖШС баспаханасында (Тәуелсіздік, 108) басылады.